

1. Саусақ жаттығулары

Саусақ жаттығулары – бұл ұрпақтан- ұрпаққа жалғасуын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәдени мәні бар шығармашылық. Саусақ жаттығулары – саусақ көмегімен қандай болмасын ертегіні немесе өлең – тақпақ шұмағын сахналау болып табылады. Жаттығулар арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ жаттығуларын жасай отырып балалар қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақ қозғалыс-қимылдарына қарап, бала қуанады, шаштанады, есінде сақтайды. Саусақ жаттығулары ұсақ қол моториканың жетілдіруін қамтамасыз етеді.

Жаттығулар үш топқа бөлінеді:

1-ші топ. Қолға арналған жаттығулар.

Оның міндеттері:

- жай орындалуы және ұсақ дифференциялық қимылдар қажет еместі, ұқсату қабілетін дамыту;
- бұлшық еттерді босату және ширақтауға үйрету;
- бір қимылдан екінші қимылға ауысуын үйрету,

2-ші топ. Шартты статистикалық саусақ жаттығулары.

Оның міндеттері:

- бұрын үйренген әдетті жоғары деңгейде қалыптастыру және қимылды толық жасау;
- 3-ші. Динамикалық саусақ жаттығулары.

Оның міндеттері:

- нақты координациялық қимылдарды дамыту;
- қол саусақтарын бүгіп жаттығу жасау және жазу;
- бас бармақты басқа саусақтарға қарама-қарсы ұстауға үйрету.

Саусақ жаттығуларын қай жастан бастағаны жөн?

Жапония елінде саусақ жаттығуларын баланың үш айынан бастап жасайды. Кейбір ғылымдар саусақ жаттығуларын 6-7 айдан бастауын жөн көреді. Қай жаста болса да жаттығуларды жасаға жақсы және пайдалы болады. Күнделікті саусақ және қолды 2-3 минуттан ысқылау қажет.

- 1) Алақанды жоғарыдан – төменге қарай сипау және ұқалау;
- 2) Әр саусақты көлденен және шетіне дейін сипау мен ұқалау;
- 3) Шиыршық қимылымен саусақтарды ұқалау.

3-ші топтың жаттығуларын жасау керек, сіз өзіңіз баланың саусақтарын бүгесіз, ашасыз, бірақ әр саусақтарға арнайы жаттығу жасау қажет.

Баланы оң айынан бастап 2,3 топ жаттығуларын жасауға үйрету:

- алақанның арасында әр көлемдегі шар мен таяқшаларды домалату;
- Қағазды жырту, ермексазбен балшықты шымшу;
- бір қорапшадан екінші қорапшаға ұсақ заттарды (моншақтар, түймелер т.б.) бір қолмен және екі қолмен бірдей салады.

2 «Логопед пен тәрбиешілердің балалармен жүргізілетін жұмысының маңыздылығы»

«Балалық шақ –адамның өмірінің негізгі кезені, келешек өмірге дайындық емес, ол бүгінгі, жарық,өзіндік, қайталанбайтын өмір. Сондықтан, балалық шақ қалай өткені, бала кезінде баланы кім қолынан ұстап жетектігеніне,оның ойына және жүрегіне сырттан не енгеніне, бүгінгі бүлдіршін келешекте қандай адам болатыны, бағынды болады». В.А.Сухомлинский.

Логопед-мұғалімдердің көп жылдық тәжірибесінен,жалпы және арнайы мектепке дейінгі мекемелердің, логопунктарында істеп жүргендерінен көрінеді, сөйлеу тіліндегі кемістігі бар балалар түрлі кемістіктер артып келеді.

Қазіргі таңда статистикадан көруге болады, жас шамасына қарай сөйлеу дамытуына зерттелген балалардың тек қана 30 пайызығана нормаға сәйкес келеді.Сондықтан, мектепке дейінгі мекемелердегі логопункта жұмыс істеп жүрген логопед-мұғалімдердің ұйымдастыру әрекеттерін өзгерту қажеттілігі туындап отыр.

Осы проблеманы шешу үшін осындай түзету-педагогикалық модель құрылды, мектепке дейінгі оқыту –тәрбие процесстарына сай енгізілді.Қиыншылықтар, мектепке дейінгі мекемелерде логопунктың түзету- білімділік процессінде қиындық тұғызатыны бір көлемде жүргізілетін құжаттар және әдістемелік бағдарламалардың жоқтығы.


«Программа логопедической работы по преодолению фонетико-фонематического недоразвития у детей»Т.Б. Филичеванікі, Г.В.Чиркинанікі тіл кемістігі бар ересек топтарынадағы балаларға арналған.Логопунктардың жағдайында осы бағдарламаны толық менгерілмегені, мектепке дейінгі мекеменің бағдарламасы арнайы түзету бағыты бойынша айырмашылығы бар.Логопунктағы логопед-мұғалімнің жұмысы, арнайы мекемелердегі топтардан өзгешілігі: балалардың саны жыл бойына өзгеріліп отырады.Арнайы мекемелердегі топтарда: бір жаста, бір тіл кемістіктің диагноздары, топтың толықтыруы 12 баладан көп болмау керек. Логопунктерде оқу жылы бойында келеді де, шығарылып жатады, бір маманға 25 бала жүктеледі, әр жас бойынша да, және түрлі тілдік қорытындысы да. Бағдарламаның бейімделген нұсқа құрған кезде осындай дерек есепке алынды,логопункте логопед-мұғалімнің жұмысын қатан(жестко) регламенттеуге жөңсіз, өйткені ол жұмыста текқана формалдылыққа әкеледі,әр баланың психо-физикалық ерекшелігін,және тіл кемістіктің құрылымын толық анықталмайды.

Көз жеткілікті, тіл кемістігі бар балалармен мектепке дейінгі мекемелерде текқана барлық педагогтармен бірігіп жұмыс істеуде.Сөзсіз, ең маңызды роль логопед-мұғаліміне жүктеледі, бүтін білімділік үдірісін(процесс) логопед құрастырады және ол ұйымдастырушы, үйлестіруші (координатор), бұл мекеменің осы бағыттағы бастаушы.

Логопедтің әрекеттің қызметін келесі нұсқамен келістіруге болады:

- диагностикалық;
- алдын ала сақтандыру;
- педагогикалық түзету;
- ұйымдастыру-әдіскерлік;
- кеңестік;
- бақылау;
- бағалау.

Егерде аталған қызметтерінің біреуі толық жұмысын атқармаса, балалармен түзету жұмысының сапасы төменделеді.Түзету білімділік процесін атқаратын педагогтар: тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшілері, дене тәрбиесінің нұсқаушысы, бейнелеу өнерінің мұғалімі, ата-аналар, балалар.Барлық қатысушылар сөйлеу және түзету жұмысының нәтиже қортындысының мерзіміне ең маңызды әсерін тигізе алады.



Р дыбысын буында, сөзде, сөйлемде бекіту

Білім беру салалары: «Қатынас»

Бөлімі: Тіл дамыту


Мақсаты:

Білімділік: Р дыбысын буында, сөзде, сөйлемде бекіту. Балаларды көктем мезгілімен таныстырып, білімдерін кеңейту. Байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру.

Түзетушілік: Ойлау, фонетико-фонематикалық есту, көру, есте сақтау қабілеттерін арттыру, артикуляциялық аппаратын, жалпы және ұсақ моторикасын дамыту; сөздік қорларын молайту, грамматикалық құрылымын жетілдіру.

Тәрбиелік: Құстарға қамқорлық көрсету, сүйспеншілікке, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Заттық, тақырыптық суреттер, тірек-жолдар, сызбалар, спач Боб ойыншығы, текше, көбелектер, магнитофон.

Іс-әрекет кезендері	Логопедтің әрекеті	Баланың әрекеті
<p>Мотивациялық – қозғаушылық</p>	<p>Шаттық шеңбері: Армысың асыл күн! Армысың асыл жер! Армысың көк аспан! Армысың жан досым! Жылыума жылу қос, Міне менің қолым бос! Ғажайып сәт: Қонаққа Спач Боб келеді. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Маған орман пошташысы сендерге хат әкеліп беруді тапсырды. Хат: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, бұл орман тұрғындары -құстар. Біздің орманымыз өте қонақ жайлы. Сендерді бүгін орманға қонаққа шақырамыз. Логопед: 1. Балалар, қонаққа барамыз ба?</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Балалар шаттық шеңберде қимыл -қозғалыстар жасайды. Қонақтың келгеніне қуанады Барамыз.</p>
<p>Ұйымдастыру – іздестіру</p>	<p>2. жаттығу: «Күркетауық, саңырауқұлақ» Логопед: Қонаққа барғанда құр қол бармау керек, ол ырым. Құстарға не апарамыз? Құстар не жейді?</p>  <p>2. Ойын : «Құстар» Құстарды атайық. Неше буыннан тұратының анықтайық.</p>	<p>Жаттығуларды айна алдында жасайды. Сөздерді буынға бөледі. Ж-ж-ж дыбыстарын шығарады.</p>

